

ӘӨК 91(091)

**ТУРИЗМ МЕН ДЕМАЛЫСТЫ ДАМУДАҒЫ БАЛҚАШ-АЛАКӨЛ  
ӨҢІРІ ТАБИҒАТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Б.Қ. Асубаев

*Мақалада Балқаш-Алакөл өңіріндегі туризм ді дамытудың табиғатты ұтымды пайдалану жолдары қарастырылады. Өңірдің табиғат кешендеріне ант ропогендің салмақ көрсеткіштері талданған. Осы өңірде демалыс пен туризмді дамытудағы психологиялық жайлылық мәселелері қарастырылған.*

Табиғатты туристік мақсатта тиімді пайдалану мәселелері туризм мен демалысты дамыту барысында табиғат байлықтарын ұтымды пайдалану арқылы қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтай отырып, тұрақты дамудың оңтайлы жолдарын іздестіруді көздейді [1].

Табиғат кешендері табиғатты туристік мақсатта пайдаланудың қызметтік үлгісінде жетекші орында тұрады. Белгілі бір өңірді туристік пайдалану барысында табиғат кешендерінің ауданы, сиымдылығы, әр гектарға шаққандағы адамдардың түсіретін салмағы өзгеріске тұрақтылығы, тартымдылығы, өзгеріске беріктігі сыяқты арнайы қасиеттері өзгереді. Балқаш-Алакөл өңірінде туризм мен демалысты дамыту барысында демалушылар тарапынан табиғат кешендеріне түсірілетін рекреациялық салмақты оқып-үйреніп, әр түрлі ландшафттарға түсірілетін салмақтың рұқсат етілген шегін жасап шығаруға баса назар аудару қажет. Сонымен қатар туризм мен демалыс инфрақұрылымдарын салу, құрылған бағыттар мен туристік мекемелерді пайдалану барысында техногендік әсерін, жергілікті тұрғындар тарапынан табиғат кешендеріне түсіретін тұрмыстық салмақты есепке алыудың да маңызы зор.

Балқаш-Алакөл өңірі табиғатын туристік мақсатта тиімді пайдалану мен тұрақты дамуды көздейтін аталған аумақтық жүйе төмендегі тармақтардан тұрады:

- туризмнің материалдық базасы мен рекреациялық инфрақұрылым тарапынан табиғат кешендеріне түсірілетін техногендік әсерді басқару;
- рекреациялық іс-әрекеттің табиғат кешендеріне әсерін басқару;
- табиғат кешендеріне тұрмыстық және антропогендік әсерді басқару;

– рекреациялық ресурстарға тұрмыстық және антропогендік әсерді басқару.

Балқаш-Алакөл өңірінде туризм мен демалысты дамыту барысында табиғатты пайдалануды төменде көрсетілген екі жолмен шешкен дұрыс:

1. рекреациялық мақсатқа пайдалануға жарамды жерлерді қызметіне қарай жіктеу арқылы;
2. аумақтарды пайдаланудың қызметтік жүйесін құру жолымен.

Рекреациялық мақсатта қолданылатын жерлерге халықтың бұқаралық сипаттағы демалысы мен туризмді дамытуға арналған белгіленген тәртіппен бөлінген жер телімдері жатады. Рекреациялық іс-әрекеттерді дамыту мақсатына арналған жерлерде өз қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіретін шаралардың барлығына тиым салынады.

Зерттелетін аумақтың рекреациялық мамандану деңгейіне қарай өңірдегі рекреациялық мақсатта жерді пайдаланудың төменде көрсетілген негізгі үш түрі бар:

1. Алакөл мен Балқаш жағалауларындағы, өзен аңғарларындағы, сонымен қатар, ірі өндірістік қалалар мен аудан орталықтарындағы рекреациялық мақсатта қарқынды түрде пайдаланылатын бақтар жағажайлар және басқада бұқаралық сипаттағы демалыс аймақтары;
2. рекреациялық іс-әрекеттер орташа қарқында пайдаланылатын өндірістік және экологиялық мақсатта қолданылатын қала мен ауылдық елді мекендер маңындағы көп жылдық жасыл желектер мен эрозияға қарсы қызмет атқаратын орман алқаптары;
3. рекреацияның сыбағалы салмағы онша жоғары емес аумақтар.

Зерттеу жұмысының барысында жиналған ғылыми жазба деректер жасалған талдау қорытындылары Балқаш-Алакөл өңірінде табиғатты пайдаланудың төрт негізгі түрі мен оның шегінде мына қызметтік аймақтарға бөліп қарастыруға болатынын айқындадық:

1. Ғылыми қызметкерлер мен іс-тәжірибеден өтетін жоғарғы оқу орындарының білімгерлеріне сынақтар мен ғылыми зерттеулер жұмыстарын жүргізу, ал көпшілік үшін арнайы бөлінген аумақтардағы туристік соқпақтарда қысқа мерзімді танымдық жорықтар мен саяхаттар ғана рұқсат етілген белгілі ландшафттарды табиғи қалпында сақтап, түлету мақсатында **құрылған ерекше қорғауға алынған және қорықты аймақтар.**

Қысқа мерзімдік саяхаттарға ғана рұқсат етілетін ерекше қорғауға алынған аймақтарға негізінен көл жағалаулары мен шөл ландшафттарын

қорғауды көздейтін Тоқты, Қоқан, Төменгі Іле, Тораңғылы, Бекет ата мемлекеттік зоологиялық және ботаникалық қорықшалары аумақтары жатады. Қызметтік шегінде кез-келген шаруашылық әрекетін жүргізу мен рекреациялық мақсатта пайдалану тиім салынған аумаққа Алакөл мемлекеттік қорығы жатады.

2. Ұзақ мерзімді демалыс пен туризмді дамыту қызметін атқаратын қала маңындағы, сонымен қатар қала сыртындағы бақтар мен қалыпты деңгейде тұрақты түрде пайдаланылатын өзен аңғарларындағы тоғайлар мен орман ландшафттарын басқада табиғат кешендерін қамтитын **рекреациялық табиғат пайдалану аймағы**. Бұл аймақта өзен бойларында балық аулау, шомылу, жидек теру сияқты қарқынды рекреациялық іс әрекеттерге рұқсат береді. Бұл аймақ негізінен Іле, Қартал, Көксу, Ақсу, Сарқан, Басқан, Лепсі, Тентек, Аягөз, Қатынсу, Еміл өзендерінің аңғарындағы елді мекен маңындағы тоғайлар мен бақтарды, тоғандар мен бөгендердегі жағажайларды, саяжайларды, туристік базалар мен соқпақтарды қамтиды. Ұзақ мерзімді пайдаланылатын рекреациялық аймақты төменде көрсетілген тармақтарға бөліп қарастыруға болады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес табиғи емдік кешендер мен емдік-сауықтыру орындары орналасқан және оларға жапсарлас жатқан жер телімдерін ластану мен тозудан қорғау мақсатын көздейтін **санитарлық қорғау аймақтары**;

- көл жағалаулары мен өзен аңғарлары мен елді мекендер маңындағы **рекреациялық аймақ**;

- қысқа мерзімді демалуға келушілерді қабылдауға арналған көліктік қатынас, байланыс, қоғамдық тамақтандыру, демалыс пен ойын-сауық кәсіпорындарымен қамтамасыз етілген арнайы ұйымдастырылған **демалыс аймағы**.

3. Күнделікті пайдалануға арналған қалалық бақтар мен скверлерді қамтитын **урбанданған табиғат пайдалану**. Ол төмендегі топқа бөлінеді:

- қонақтарды қабылдап қонатын туристік қызымет көрсету орындарына орналастыру, мәдени-тұрмыстық, ақпараттық қызымет көрсетуді қамтитын **келушілерді қабылдау аймағы**;

- тарихи-мәдени нысандарды қорғау қызметін атқаратын **мәдени-тұрмыстық нысандарды қорғау аймағы**;

- көрікті орындарды таныстыру, экологиялық сауаттылықты арттыруды ұйымдастыру қызметін атқаратын **танымдық туризм аймағы**.

Балқаш-Алакөл өңірінде рекреациялық іс-әрекеттерді дамыту барысында табиғатты рекреациялық пайдалану барысында табиғат кешендеріне теріс әсері салдарынан болатын өзгерістерден қоршаған орта тепе-теңдігінің бұзылуына сақтау мәселелерін шешуді қажет етеді. Өңірде рекреациялық ресурстардың белгілі мөлшерде қоры бар. Олардың сарқылуын болдырмас үшін белгілі бір аумаққа түсірілетін рекреациялық салмақтың шегінен айырмау қажет. Одан асқан жағдайда рекреациялық ресурс өзінің тартымдылығын біртіндеп азайтып жоғалту бағытында өзгеріп, деградацияға ұшырай бастайды. Сондықтан өңір шегіндегі рекреациялық мақсатта қарқынды пайдаланылатын тартымды ресурстарды шектен тыс пайдалану олардың жойылу қаупін тудырады. Осыған орай бұқаралық сипаттағы туризм қарқынды дамыған Алакөлдің оңтүстігі мен солтүстік шығысындағы, Балқаш көлінің оңтүстік-шығысындағы демалыс пен емдік-шипажайлық және қалалар, ауылдық елді мекендер маңындағы рекреациялық аймақтарда жалпыға бірдей қол жетімді құнды табиғат кешендерін қорғау қағидаларын ескере отырып оларды қорғау мәселерін тәжірибелік және ғылыми теориялық тұрғыдан қарастыра отырып шешуді қажет етеді. Ғылыми тұрғыдан алғанда бұл мәселе табиғат кешендерінің рекреациялық сиымдылығы түсінігімен тікелей байланысты. Тәжірибелік астары табиғат кешендерін рекреациялық пайдалануды жоспарлау жобалау және іс жүзінде қолдану қоршаған ортаға түсірілетін салмақтың шегін ғылыми тұрғыдан негіздеуді қажет етеді. Табиғат кешендерін рекреациялық мақсатта пайдаланудың кері әсері субъективті себептердің салдары нәтижесінде деградацияға ұшыраумен аяқталады. Олар негізінде рекреанттардың табиғатты пайдалану мәдениетінің төмендігінен туындайды. Соның салдарынан өңірдегі Рай, Қоссор, Жалаңашкөл сыяқты бірқатар рекреациялық аралдар емдік-сауықтыру мен демалысты ұйымдастыруға қажетті қасиеттерін жоғалтуда. Туризм мен демалыстың қарқынды дамуына орай Балқаш-Алакөл өңірі мен Қазақстанның басқа аумақтарындағы бірегей табиғат ескерткіштерін, емдік-шипажайлық маңызы бар минералды бұлақтары мен балшықтары сақталған аумақтардың басым көпшілігін резервациялап оларды мемлекет тарапынан қорғау мәселелерін республикада шешу қажеттілігі туындап отыр. Бүгінгі таңда өңірдегі сексеуіл ормандарын шектен тыс кесу шөл ландшафттарының рекреациялық тартымдылығын кемітумен қатар шөлдену мен сусымалы құмдардың жылжу үрдісін арттыруда.

Тұрақты даму тұғырнамасына сай жоғарыда аталған табиғатты рекреациялық мақсатта тиімді пайдалану мәселелерін оңтайлы шешу үшін

туризм мен демалысты дамытуға қолайлы жағдай тудыруды қамтамасыз ету қажет. Аталған келелі мәселелерді дұрыс шешу үшін адамдардың қарқынды саяхатына пайдалану тұрғысынан табиғатты рекреациялық пайдаланудың негіздері ретінде ландшафттардың құрылымын, даму динамикасын оқып-үйреніп болжау қажет. Табиғатты рекреациялық мақсатта пайдаланудың жалпы жүйесі өңірде туризм мен демалысты дамыту барысында қоршаған ортаны қорғаудың төменде көрсетілген үш тетігін қамтиды:

1. табиғатты пайдалануды шектеу жүйелерін қамтитын әкімшілік-құқықтық тетіктері;
2. табиғатты пайдаланудың көп мақсатты нұсқаларының ішіне ең тиімді әрі оңтайлы нұсқаларының бірін таңдау мүмкіндігі бар жоспарлы-экономикалық тетіктері;
3. табиғатты пайдалану барысындағы қоршаған ортаға келтірілетін зыян мен шығынды өтеуді көздейтіп табиғатты ақылы пайдалану.

Аумақтық табиғат кешендерін қорғау міндеті бар табиғатты рекреациялық тиімді пайдалану технологиясы ондағы рекреациялық ресурстардың рекреациялық қажеттілікке сәйкестігі жоғары болатын аумақтық ұйымдастыру қағидалар мен әдістерге негізделі отырып, рекреациялық аумақтарды оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Аумаққа түсірілетін рекреациялық салмақты реттеудің тиімді әдістеріне рекреациялық аудандау және аймақтарға бөлу әдістерін жатқызуға болады. Аталған әдістер жекелеген аудандар мен аймақтарға түсірілетін салмақ оларда қабылданған тәртіпке сай реттеуге мүмкіндік береді. Әр бір аудан немесе аймақтың рекреациялық құндылығына, табиғат кешендерінің түсірілетін салмаққа тұрақтылығына және басқада факторларға тәуелді болатын табиғатты рекреациялық пайдалану қарқынының сәйкес келетін деңгейі болуы тиіс. Олардың қатарына негізінен рекреациялық іс-әрекеттердің қандайда бір түрлерінің нышаны, ерекшеліктері, сипаты мен олардың табиғатқа қоятын талаптары, рекреациялық аудандарға рекреанттарды кеңістіктік-уақыттық бөліну заңдылықтары жатады.

Белгілі бір аумақтың рекреациялық игеру деңгейі мен оған сәйкес келетін адамдардың рекреациялық әрекетінің арасындағы тәуелділік табиғатты рекреациялық пайдаланудың ең күрделі мәселелерінің бір болып табылады. Себебі, аумақтың құрал-жабдықтар мен рекреанттарға шектен тыс қанығуы ландшафттар көркінің өзгеруімен қатар табиғатағы тепе-теңдік бұзып, оның салдары рекреациялық ауданның өзін-өзі жоюына әкеп

соқтырады. Осыған орай Балқаш-Алакөл өңірінің туристер мен демалушылар қарқынды пайдаланатын жағажайлары мен ірі елді мекендер мандарындағы демалыс аймақтарындағы табиғат кешендерін деградацияға ұшырауына болдырмай рекреациялық іс-әрекетке қолайлылығын сақтау мақсатында оларға түсірілетін салмақты оңтайландыру мәселелерін ғылыми негізде дұрыс шешу қажеттілігі туындап отыр. Аталған түйінді мәселенің мәні табиғат кешенінің қалпына келу шегінен асыпайтын деңгейде түсірілетін экологиялық салмақты негіздей отырып, рекреациялық әсердің шектерін белгілеу болып табылады.

Әлемдік тәжірибесінде табиғат кешендерін рекреациялық пайдалану шегінің әркелкілігі байқалады. Мысалы, жағажайдың бір рекреантқа шаққандағы шегі әр түрлі елдерде 5...15 м<sup>2</sup> аралығында ауытқиды. Біз ұйымдастырған экспедициялық зерттеулер нәтижесінде жиналған деректер жазғы шомылу маусымында әсіресе сембі, жексембі күндері Алакөл мен Балқаш жағалауларындағы жағажайларда, халық тығыз қоныстанған Қаратал, Іле, Тентек өзендері аңғарындағы демалыс аймақтарында жоғарыда аталған шектер сақталмайтынын көрсетті.

Табиғат кешендері мен оның құрамдас бөліктерінің түсірілетін рекреациялық салмаққа тұрақтылығы жағынан бір-бірінен айырмашылықтары болады. Аумақтық табиғат кешендерінің түсірілетін **рекреациялық салмаққа тұрақтылығы** белгілі бір шекке дейін қарсы тұрып, өзін-өзі қалпына келтіру қасиетін сақтай алу қабілеті арқылы көрініс табады. Рекреациялық салмақ белгілі бір уақыт ішінде аудан бірлігіне шаққанда белгілі бір аумақтық табиғат кешендеріне келетін рекреанттардың саны арқылы есептеледі. Рекреациялық салмақ шектен тыс, шектен тысқа таяу және рұқсат етілген шектегі болып бөлінеді. Аумақтық табиғат кешендеріне түсірілетін рекреациялық салмақ аудан бірлігіне шаққандағы демалушылардың санымен өлшенеді.

Жүргізілген экспедициялық зерттеулер Балқаш-Алакөл өңірінің Талдықорған, Сарқан, Үшарал Балқаш қалалары мен аудан орталықтарының мандары демалыс аймақтарында және көл жағалауларындағы жағажайларда демалушылар санының көп болуына орай рекреанттар тарапынан аумақтық табиғат кешендеріне түсірілетін рекреациялық салмақтың артқаны, тұрмыстық қалдықтар мен ластана бастағаны байқалуда. Осыған орай жазғы шомылу маусымында аумақтық табиғат кешендеріне түсірілетін салмақ артып қоршаған ортаның экологиялық тепе-теңдігін қалыпты жағдайда сақтау үшін төменде көрсетілген бірқатар шараларды жүзеге асыруды ұсынамыз:

1. жергілікті тазалық және індетті бақылау бекеттері жағажайлар мен қала маңы демалыс аймақтарында бақылауын күшейтіп, сынамалар алып оларды зерханалық сараптамадан өткізіп көл суындағы зиянды заттардың рұқсат етілген шектен аспауын қадағалап отыруы қажет;
2. жергілікті әкімшілік пен жағажайлар қала маңы демалыс аймағының меншік иелері арнайы штат бөліп күнделікті тазалықты сақтап демалушыларға қолайлы жағдай тудыруы тиіс;
3. жергілікті әкімшіліктің облыстық туризм және спорт басқармасының туризмді дамыту бөлімінің қолдауымен студенттер мен жастардың «жасыл ел» қозғалысының мүшелерін жазғы деалыс кезінде рекреациялық аймақтарда көгалдандыру жұмыстарын жүргізу арқылы тартымды ландшафттарды қайта қалпына келтіріу, демалушылардың экологиялық сауатын ашу бағытында экологиялық тәрбие іс-шараларын жүзеге асыру;
4. өңірдегі демалушылар көп келетін жағажайларын заман төңіріне сай жоспарлау, басқару, туристік инфрақұрылымын қалыптастыру, қызмет көрсету сапасын арттырып білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселелерін шешуді көздейтін ғылыми зерттеулер жүргізу.

Балқаш-Алакөл өңірінің табиғи тепе-теңдігін сақтап туризмді тұрақты дамыту үшін рекреациялық көптеген отандық және көршілес Ресей зерттеушілерінің тбиғат пайдалану саласындағы зерттеулеріне негіз болған белгілі ғалым Н.С. Казанская ұсынған «рекреациялық дигрессия» кезеңдері туралы ережені басшылыққа ала отырып, өңірдегі туризм мен демалыс қарқынды дамып келе жатқан аумақтардың ландшафттарына түсірілетін салмақтың өзін өзі реттеу арқылы табиғи- тепе-теңдіктің сақталу шегінен асырмады қадағалап отыру қажет [1].

Өңірге ұйымдастырылған экспедициялық зерттеулердің деректер халық тығыз қоныстанған Балқаш пен Алакөлге құятын ірі өзен аңғарларындағы демалыс аймақтары таралған тоғайлардың біртіндеп рекреациялық дигрессияға ұшырай бастағанын көрсетті. Жиналған деректерге жасалған талдаулар Талдықорған, Сарқан, Үшарал қалаларының маңындағы тоғайлар мен шалғындар таралған аумақтарда рекреациялық дигрессия екінші үшінші деңгейге жеткен деген қорытынды шығауға мүмкіндік берді. Оған қазіргі кезеңде ағаштар саны сиреп ылғал сүйгіш өсімдіктерді біртіндеп жусан, бетеге сыяқты құрғақшылыққа төзімді өсімдіктердің ығыстыра бастауы дәлел болады.

Аталған өзекті мәселе демалушылардың әрекетімен қатар өзен суларын шаруашылықтық мақсатқа шектен тыс қолданумен тығыз байтланысты.

Алакөлдің оңтүстік-шығыс жағылауындағы сазды шалғындардың жалпы ауданы 1970...1980 жылдары 6...8 мың гектар болса малды шектен тыс жаюан және жерасты сының деңгейінің төмендеуінен қазір аталған аумақ шөлге айналған Мұндай үрдіс Алакөлдің оңтүстігіндегі Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендерінің сағасындада байқалуда. Аридті аймақта орналасқан зерттелетін өңірде көл жағалауындағы сазды-батпақты шалғынды ландшафттардың шөлденуіне қарсы шараларды жүзеге асыру қажет. Қоқан, Төменгі Іле Тораңғылы қорықшалары таралған аумақтардың шөлденуі органикалық дүниесіне нұқсан келтірумен қатар табиғи ландшафттардың тартымдылығын кемітеді. Қалалар мен ірі ауылдық елдімекендердің маңындағы рекреациялық салмақ көп түсетін урбанданған ландшафттарды рекреациялық дигрессияға ұшыраудан сақтау үшін уақыр бірлігімен алғандағы адам санының аудан бірлігіне қатысымен есептелінетін аумаққа түсірілетін салмақтың шегін белгілеу қажет. Егер бұл түсінікке аумақты тәулік ішіндегі қарқынды рекреациялық пайдалану кезеңі ұғымын біз табиғат кешендеріне түсірілетін салмақтың шегін анықтауға мүмкіндік беретін біршама нақты дерек аламыз.

Туризм мен демалысты дамытуға кеңінен қолданылатын қала маңы мен көл жағалауларындағы ландшафттық кешендердің жағдайы мен олардың қызметтік мүмкіндіктерінің төмендеуі тұрақты үрдіске айналуға. Аталған мәселені шешу үшін қала маңындағы урбанданған ландшафттардың қалыпты жағдайда сақталуын басқару жүйесінің тиімділігін арттыру қажет. Оны аумаққа түсірілетін рекреациялық салмақтың шегін белгілеу негізінде ғана шешуге болады. Белгілі бір табиғат кешендеріне түсірілетін рекреациялық салмақтың шегін жасау қандайда бір аумақтың қалыпты қызметінің тұрақтылығын сақтауды қамтамасыз ететін пайдалану көлемі мен тәртібін анықтауға ға мүмкіндік береді. Сондықтан рекреациялық салмақ рекреациялық іс-әрекеттің ландшафттық кешендерге үйлесімді әсерін анықтайтын көрсеткіш болып саналады. Қазіргі кездегі қолданыстағы рекреациялық салмақтың шектерінің төменде көрсетілген ерекшеліктері бар.

1. Шегін анықтайтын әсер ету көз ретінде рекреанттардың саны алынғанымен демалушылардың көлік құралдары, әр түрлі инфрақұрылымдық нысандарды салу сыяқты рекреациялық әсердің



факторлары ескерілмейді. Осыған орай шын мәнінде рекреациялық салмақ емес, демалушылардың, туристер мен экскурсанттар ағынын шектеу жүргізіледі.

2. Рекреациялық салмақты өлшеу жүйесінде де біртұтас көзқарас жоқ болғандықтан әр түрлі автор төмендегі көрсеткіштерді пайдаланады:
  - аумақ бірлігіне шаққандағы белгілі бір уақытта болғатын адам саны;
  - пайдалану мерзімінде аумақтың аудан бірлігіне шаққанда белгілі бір уақытта болғатын адам саны;
  - тәулік, маусым ішінде рекреациялық нысанға келетін туристердің саны;
  - уақыт бірлігі ішінде аудан бірлігіне шаққандағы демалушылар саны.
3. Рекреациялық салмақтың шегі: 1 ландшафттың құрамдас бөліктерінің бірі; 2 әр түрлі ландшафттық кешендер; 3 рекреациялық іс-әрекеттің жеке түрлері; қызыметі әртүрлі ландшафттық жүйелер; әртүрлі үйлесімді нұсқалар негізінде жүргізіледі.
4. Пайдалану мақсаты бір текті нысандар үшін рекреациялық салмақты анықтау технологиялық, психологиялық немесе экологиялық қағидаларына сәйкес әртүрлі болуы мүмкін.

Табиғат кешендеріне түсірілетін салмақтың шегін анықтау мәселелерін шешудің акі астары бар. Олар сандық және сапалық. Сандық астары аумақтық аумаққа келушілердің саны мен белгілі бір уақыттағы рекреациялық салмақ бағаланады. Сондықтан түсірілетін шынайы рекреациялық салмақ толық көрсетілмейді. Тек реакциялық салмақтың сандық астары аудан бірлігіне шаққанда уақыт бірлігінде рекреациялық нысанға келетін рекреанттардың саны ғана емес, олардың сол нысанда болу ұзақтығы да көрініс табуы тиіс. Бірдей тіркеу кезеңінде тіркелген рекреанттар саны түсірілетін рекреациялық салмақтың ұзақтығы жағынан бірдей болмауы мүмкін. Аталған жағдай салмақты өлшеу әдістерін құру мен рекреациялық ресурстық әлеуетін анықтау барысында ескерілуі тиіс. Рекреациялық салмақтың шегін әр түрлі қағидаларын жеке емес, олардың ара салмағын, алуан түрлі рекреациялық іс-әрекеттердің технологиялық ерекшеліктеріне, жекелеген ландшафттардың психологиялық қолайлылығы мен антропогендік салмаққа тұрақтылығын ескере отырып анықтау қажет. Түсірілетін рекреациялық салмақтың шегі рекреациялық нысанды пайдаланудың рұқсат етілген шегінен аспауы тиіс. Аумақты рекреациялық пайдаланудың көлемінің рұқсат етілген шегі емес іс-әрекеттерді ескере отырып есептелінеді.

Түсірілетін рекреациялық салмақтың шегін анықтаудың сапалық астары аумақтың ландшафттық және шаруашылықтық-қызыметтік құрылымына талдау негізделеді. Алуантүрлі табиғат кешендердің ішіндегі рекреациялық қызымет атқаратқару мақсатында түлетілген және басқарылатын табиғи және антропогендік ландшафттарды анықтап алу қажет. Олардың қатарына қала шегі мен көлдер мен өзен жағалауларындағы демалыс аймақтары жатады. Қалалардың ландшафттық құрылымындағы орта түзетін урбандалған ландшафттар қатарына бабиғи-қорықтық зообақтар, дендробақтар, табиғат ескерткіштері, орманды-шалғынды, мәдени - мемориалды және гидробақтар жатады. Рекреациялық салмақтың шегін анықтаушы факторлардың бірі ретінде өзін-өзі тазалау, қандайда бір рекреациялық іс-әрекеттерге тұрақтылығы сыяқты ландшафттық кешендердің экологиялық әлеуетінің ауқымы жетекші орын алады. Соның негізінде ландшафттық кешеннің тұрақтылығын қамтамасыз ететін төмендегі шектер анықталады: 1 ландшафттардың қалыпты жағдайын сақтауды қамтамасыз ететін деңгейде аумаққа түсірілетін бергіленген рекреациялық салмақтың шегі; 2 аумақты көгалдандыру, ойын алаңдарын салу, өсімдіктер егу, арқылы аумақты көлалдандыру шараларын қолдану негізінде ландшафттарды қалыпты жағдайын сақтауды қамтамасыз ететін деңгейге қайта оралту шектері. Оларды қазіргі жағдайдағы және болашақтағы шектер деп екіге бөлуге болады.

Зерттелетін аумақта туризм мен демалысты дамыту барысында табиғатты рекреациялық мақсатта тиімді пайдалану мәселелеріне жасалған талдаулар төменде көрсетілген ұсыныстарды енгізуге негіз болды:

1. Табиғатты туристік тиімді пайдалану үшін қоршаған ортаның рекреациялық іс-әрекетке тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік беретін антропогендік салмақтың шегін белгілеу арқылы еліміздің туризм мен демалыс қакынды дамыған аумақтарындағы ландшафттық кешендердің рекреациялық дигрессияға ұшырауын болдырмау.

2. Өңір табиғатының тепе-теңдігін сақтай отырып экологиялық туризмді дамытуды, сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар таралған батпақты сулы және құмды шөлді алқаптардың рекреациялық маңызы бар табиғи экожүйелеріні, бірегей табиғат ескерткіштері таралған аумақтарды резервациялау мәселелерін оңтайлы шешу қажет. Экотуризмді дамытуға Балқаш-Алакөл өңірі аумағындағы «Алакөл» мемлекеттік қорығы, «Қоқан», «Төменгі Іле» «Бектауата», «Тораңғылы» мемлекеттік (зоологиялық) қорықшалары және оларда сақталғ табиғат ескерткіштері, ерекше қорғауға

алынған өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, Рай, Көлтабан сыяқты олар шағын көлдер мен емдік балшықтары мүмкіндік береді [2].

3. Балқаш-Аталған өңірде туризм мен демалысты дамыту барысында табиғатты тиімді пайдалану үшін Алакөл мен балқаш көлдері жағалауындағы жағажайларда рекреанттардың көалыпты демалысын қамтамасыз ететін әлеуметтік-тұрмыстық маңызы бар туристік инфрақұрылымдарды қоршаған орта жағдайларының ерекшеліктерін ескере отырып салу арқылы жағажайлық демалыс пен қатар су туризмінің бұқаралық сипаттағы түрлерін дамыту.

4. Туризм мен демалыстың әсерінен аумаққа түсірілетін рекреациялық салмақ пен табиғат кешендерінің рекреациялық дигрессияға ұшырап, экожүйенің қайтарымсыз өзгерістерге ұшырап жұтаңдануын болдырмас үшін қала маңдары мен көл жағалауларындағы тарымдылығымен еренкшеленетін демалыс аймақтарында тұрақты түрде экологиялық мониторинг жүргізу арқылы қоршаған ортаға түсірілетін салмақтың қандайда бір рекреациялық іс-әрекетке тұрақтылығының шегінен аспауын қадағалау. Экологиялық мониторинг барысында үздіксіз бақылау жүргізу нәтижесінде табиғаттың жағдайын тұрақты бақылау жасай отырып, адамның әрекетінен туындайтын сыртқы әсерге қоршаған ортаның жауап әрекетін анықтауға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаны қорғаудың кепілі экологиялық тәрбие мен білім беру, экологиялық сауаттылықты көтеру және Балқаш-Алакөл өңірінің экологиялық жағдайы туралы ақпараттардың халыққа дер кезінде жеткізілуі болып табылады.

5. Туризм мен демалысты дамыту барысында аумақты тиімді басқару үшін өзара байланысқан барлық аумақты қамтитын алаңдардан, желілі элементтерден тұратын торлар және олар бірін-бірі толықтыратын кешен түзу арқылы өңірдің рекреациялық әлеуетін игеру мен туристік-рекреациялық мақсатта пайдалану мәселелерін шешуде табиғатты рекреациялық пайдалану жағдайында табиғат кешендерін сақтаудың ғылыми әдістерін жасап, оны жүзеге асыру қажет.

6. Туристік кәсіпкерлікті ұйымдасқан және реттелген деңгейде біршама жақсы жолға қойып, қоршаған ортаға келтірілетін залалдың мөлшерін ең төменгі мөлшерге дейін кеміту үшін табиғатты туристік мақсатта пайдалану барысында қоршаған ортамен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, болашақ ұрпақ үшін табиғатты бастапқы қалпында сақтау қажет. Ол үшін қорықшалар мен табиғат ескерткіштері шоғырланған аумақтарда экологиялық соқпақтар мен бағыттарды заман төңіріне сай

жабдықтау, қала маңындағы жасыл белдеуде, су қоймалары мен өзен аңғарының жағалау сызықтарының шегінде, шаруашылық әрекетін жүргізуге толық немесе ішінара тиім салу, бұқаралық сипаттағы демалыс пен туризм аймағын құру, сыртқы ортаның әсеріне төзімді өсімдіктер отырғызу, туристік соқпақтар жасау арқылы аумақтың рекреациялық сыйымдылығын жасанды жолмен арттыру мәселелерін шешу керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кусков А.С., Голубева В.Л., Одинцова Т.Н. Рекреационная география. – М.: Флинта, 2005. – С. 163-169.
2. Чигаркин А.В. Памятники природы Казахстана (Примечательные ландшафты и их охрана). – Алма-Ата: Қайнар, 1980. – 144 с.

КазНПУ им. Абая, г. Алматы

#### **ПРОБЛЕМЫ РАЦИОНАЛЬНОГО ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА И ОТДЫХА В БАЛХАШ- АЛАКОЛЬСКОМ РЕГИОНЕ**

Б.К. Асубаев

*В статье рассмотрены вопросы рационального природопользования для развития туризма и отдыха в Балхаш-Алакольском регионе. Раскрыты показатели допустимый антропогенный рекреационный нагрузки на природный комплекс. Определен средний допустимый психологический комфорт при организации туризма и отдыха в данном регионе.*